

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19675130 «Түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің лексикографиялық жүйесі».
Жоба өзектілігі	Қазіргі түркі тілдерінің фразеологиялық қоры барлық тілдерінде біркелкі зерттелмеген және фразеологиялық бірліктердің нысаны мен шеңбері туралы әлі толық қалыптасты деп айта алмаймыз. Түркі тілдес халықтардың ортақ фразеологиялық қорын құрайтын сөздіктер жоқ. Түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер лұғаты тілдердің дамуына әсер ететін факторларды анықтауға, тілдер арасындағы байланыстарға ғылыми талдау жасауға, ортақ лексико-фразеологиялық қорды жүйелеуге, түркі ата тілінің негізін анықтауға мүмкіндік береді.
Жоба мақсаты	Жоба түркі тілдері фразеологизмдер сөздігін қазақ тілінде берудің алғашқы тәжірибесін ұсынады. Қазіргі түркі тілдерінде сақталған ортақ фразеологиялық қорды жинақтап, оларға ғылыми талдау жасау. Түркі тілдері фразеологизмдерінің лексикографиялық жүйесі талданылған монографияны жарыққа шығару. Жинақталған материалдарды сұрыптап, түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің лұғатын түзу.
Жоба міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологиялық қордың семантикасын зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық дәйектемелерін негіздеу;</li> <li>2. Жалпытүркілік фразеологиялық бірліктердің пайда болуына ұйтқы болатын уәждерді (соматикалық, туыстық, флора, фауна, сан т.б.) анықтау;</li> <li>3. Жинақталған тілдік материалдардың каталогын жасау, қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологиялық қорды жеке-жеке тілдер бойынша жинақтау;</li> <li>4. Түркі тілдері фразеология саласын зерттеуші ғалымдары бас қосқан «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу;</li> <li>5. Жинақталған фразеологиялық қор негізінде «Қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер семантикасы» атты ұжымдық монография дайындау;</li> <li>6. Жалпытүркілік фразеологизмдердің корпусын құрастырып, «Жалпы түркілік фразеологизмдер лұғатын» дайындау.</li> </ol>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоба ғылыми және технологиялық қажеттіліктер мен сұраныстарды қамти алады. Жобаның әлеуметтік сұранысы отандық/шетелдік білім және ғылым ордаларына, сонымен қатар мәдениеттанушылар мен этнографтарға, тарихшыларға, жалпы қазақ (түркі тілдерін) тілдерін сүйетін және үйренетін отандық/шетелдік азаматтарға қажетті дереккөз болып табылады.</li> <li>2. Ғылыми-зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарды тіл білімінің лексикология, түркі тілдерінің семантикасы, тіл теориясы салаларында, түркі филологиясына кіріспе, фразеологизмдердің семантикасы және прагматикасы, этнолингвистика, лингвистикалық мәдениеттану және т.б. теориялық курстар мен түрлі арнаулы семинарлар оқытуда пайдалануға болады. Зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен нәтижелер болашақта түркі тілдерінің</li> </ol>

	<p>фразеологиялық, семантикалық, этимологиялық, культурологиялық, таңбалық-семиотикалық сөздіктерін құрастыруға негіз бола алады.</p> <p>3. Зерттеу нәтижелері ғылыми мақала ретінде халықаралық жоғарғы рейтингті 35 процентильтен жоғарғы ғылыми журналдарда басылымдарда жарияланады. Сонымен қатар жоба нәтижесі Қазақстандағы баспа беттерінде кеңінен жарияланады.</p> <p>4. Басылымдар: «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағын басып шығару; «Қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер семантикасы» атты ұжымдық монографияны баспадан шығару; «Жалпы түркілік фразеологизмдер лұғаты» атты ұжымдық сөздік баспадан шығады.</p> <p>5. «Қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер семантикасы» атты ұжымдық монография Қазақстан ғылымына және жобаның ғылым мен технологияның дамуында әлеуметтік және экономикалық пайдасы мен ғылымға қосары өте қомақты. Әлем өркениетінде өзіндік орны бар түркілердің өмір сүретін шекарасы ұшан-теңіз. Әлем тілдеріндегі түркі сөздерінің актив қолданысы, төл алфавиттің иесі, жазба ескерткіштердің ұрпағы болып табылатын түркітілдес халықтардың тіл мен мәдениеті, тарихы мен өркениеті, рухани байлығы мен дана ойлары туралы зерттеулер әлі де болашақта орын алады деп сенеміз.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авакова Раушангул Амирдиновна, филология ғылымдарының докторы, профессор ResearcherID –ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0003-4631-1755">https://orcid.org/0000-0003-4631-1755</a> Scopus Author ID–55917762700.</li> <li>2. Акимешева Жанар Абдисадыққызы, филология ғылымдарының кандидаты, ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0002-3832-8218">https://orcid.org/0000-0002-3832-8218</a> .</li> <li>3. Бектемирова Сауле Бекмухамедовна, филология ғылымдарының кандидаты, h-index – 1 ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0002-6723-6742">https://orcid.org/0000-0002-6723-6742</a> Scopus Author ID –56951069700.</li> <li>4. Кудьярова Шолпан Таубаевна, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы, ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0002-8302-3982">https://orcid.org/0000-0002-8302-3982</a> Scopus Author ID – 57331217800</li> <li>5. Сұлтанбек Құтлугжон Бахритдинұлы, PhD докторы, <a href="https://orcid.org/0000-0002-7360-7140">https://orcid.org/0000-0002-7360-7140</a></li> <li>6. Жамбылқызы Марина, PhD доктор, ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0001-5153-6372">https://orcid.org/0000-0001-5153-6372</a> Scopus Author ID 57198424038</li> <li>7. Досанова Альбина Маратхановна, PhD докторы, Хирша – 1, ORCID – <a href="https://orcid.org/0000-0002-8302-3982">https://orcid.org/0000-0002-8302-3982</a> Scopus Author ID 57331217800</li> <li>8. Ешетова Балжан Батырхановна, магистр, <a href="https://orcid.org/-0000-0001-6879-5864">https://orcid.org/-0000-0001-6879-5864</a></li> <li>9. Нурмухамбетова Айгуль <a href="https://orcid.org/0009-0003-4217-9782">https://orcid.org/0009-0003-4217-9782</a></li> </ol>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>– Авакова Р.А., К.Б. Султанбек, А.Қ. Көксеменов «Әлем тілдеріндегі түркізмдердің зерттелу мәселесі» ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы, №4, 2023 (анықтама тіркелді). <a href="https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph1">https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph1</a> <a href="https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4204/2918">https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4204/2918</a> 4-11 бб.</p> <p>Нурмухамбетова А.Б., Акимешева Ж.А. «Жалпытүркілік фраземалардың қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісі» ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы, №1 (189), 2023 (анықтама тіркелді).</p> <p>– Кудьярова Ш.Т. Түркі тілдері (қазақ, қарақалпақ, өзбек) фразеологизмдеріндегі семантикалық өзгешеліктер. «Түркі</p>

	<p>ономастикасы: тарих, таным, тағылым» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2023. – 82-85 б.</p> <p>– Кудьярова Ш.Т., Кәрібаева А.У.Түркі тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, өзбек) жүрек фраземасы. Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Стамбул, 24-27.04 2023. – 204-209 б.</p> <p>– Досанова А.М. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық тіркестердің мағыналық ұқсастықтары мен ерекшеліктері // «Білім беру және тіл үйретудегі заманауи тенденциялар» атты халықаралық ғылыми симпозиум. – Астана, 17.10. 2023. Абстарақтар жинағы 98-99 бб.</p> <p>– Жамбылқызы. М. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразалық етістіктердің мағыналық ұқсастықтары мен ерекшеліктері // «Білім беру және тіл үйретудегі заманауи тенденциялар» атты халықаралық ғылыми симпозиум. – Астана, 17.10. 2023. Абстарақтар жинағы 97-98 бб.</p> <p>Авакова Р.А., Нурмухамбетова А.Б. Көз соматизмі ұйытқы болған фразеологизмдер семантикасы: салыстырмалы-тарихи экскурс // «Түркі фразеологиясы: зерттелуі, ғылыми-теориялық методологиясы және болашағы» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. – Стамбул, 2023. – 102-108 бб.</p>
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>







